Көркем шығарма ономастикасында мағыналық негізінен көркемсөз құралының жүйесінде болінбес компоненті болып табылатын антропонимдер аткарады. Әрине, әр жазушы атая таңдауда экспрессивтік реңкті жеткізуге септігін тигізетін морфемасына көбірек назар аударады.

### Нәтиже және талқылау

Түркі антропонимиясына аналитикалық және синтетикалық екі негізгі құрылымдық модельдер өнімді болып келетін жеке сөзжасам тәсілі тән (Drevnetjurkskij slovar', 1969: 400).

Аналитикалық антропонимдердің қалыптастыры түркі тілдерінде келесіге негізделеді:

а) қарапайым детерминативті анықтауыш тіркестері: Апа Тархан, Адай Қызы т.б.;

ә) анықтауыш – приложение: Арслан Апа «арыстан – үлкен», – Алп Кутлук «батыр – бақытты» т.б.

б) тәуелдік тіркес: Боняк «оның мойны ақ», Бурхан кулы «Будда құлы» т.б.;

в) есімшелі және етістікті тіркестер: Елтұтмыш «ел билеуші», Ель Этмиш «ел жасаушы, құрушы» т.б.

Синтетикалық модельдерге есімді және етістікті сөзжасамдар жатады.

Көне түркі антропонимдерде аффиксті сөзжасамның негізгі тәсілдерін қарастырмас бұрын, оған түбір (аффиксіз) модельді антропоним қандай да бір деңгейде тән екендігін айта кету керек: Барс, Тутук т.б.

1. Көне түркі антропонимиясы үшін есімді сөзжасам модельіне келесі аффикстер тән:

-лық/лук – ие болу аффиксі: Күтлук күт-лук т.б.;

-чи/чи қәсіпті білдіретін сөздер тудыруши аффикс: Бушачи, Башчи т.б.;

-чук/чак диминутив аффиксі: Тайинчак, Иличук т.б.;

-сиз/сиз болымсыз аффиксі: Мұңсыз, Керексиз т.б.

2. Көне түркі антропонимдердегі етістікті модельдерде келесі аффикстер ең өнімді:

-мыш/миш жедел өткен шақ есімшениң жүрнағы: Оғдурмиш, Огдюльмиш, Кусямиш;

-уш/ыш қымылдық атая: Болуш (көмекші), Атыш (атыс) т.б.;

-ық батык Сайык т.б.;

-сын/син үшінші жақтың бүйрық рай: Қинасын, Қайсын т.б.

Зерттеу барысында орта ғасыр түркі жазба поэтикалық ескерткіштеріндегі антропонимдердің келесі құрылымы анықталған: антропонимдік компонент: *Aхмет, Мәжнүн, Жүсін* т.б.; Антропонимдік компонент немесе антропоформант + аффикс: *Йүгінек + и; Өгдүр + міш* т.б.; Антропонимдік компонент + антропонимдік компонент: *Жәні+ бек* т.б.

Морфологиялық немесе аффиксалды тәсіл: антропоформант + и: *Мысли, Йүгінеки, Ясауи, Басри*; антропоформант + мыш/міш: *Оғдырмыши, Өгдүлміши*.

Тәуелдік формалы: *Қызыр баба+m; Арыстан баба+m;*

Көптік жалғаулы: *тәжік+тер*

Синтаксистік тәсіл: төлсипативті: *Қызыл қалқан, Қара құс, Жан алғыш* т.б.; комплетивті: *Айтмолды, Күнтуды*; предикативті байланыс байқалады.

Графикалық ономоварианттар:

- күрделі онимнің бірінші бөлігінің түсіп қалуы: *Құл Қожа Ахмет*, *Құл Ахмет*, *Қожа Ахмет* т.б.;
- күрделі онимнің екінші бөлігінің түсіп қалуы: *Хатымтай – Хатым*;
- эпентеза: *Аплатон – Апылатон*; *Евклид – Үқлидис* т.б.

Эпентеза (грек. epenthesis – үстеме) – дыбыстардың комбинаторлық өзгеруінің бір түрі – түбір сөздің өзіне тән емес, қосымша бір дыбыстың пайда болуы. Эпентеза кірме сөздерді қабылдап алғанда ана тілдің ерекшеліктеріне жатпайтын дыбыс тіркестеріне байланысты пайда болады. Эпентеза көбінесе нормаға түспеген аузызекі тілде жиі айтылады. Мысалы, *Аплатон* –

*Апылатон* т.б. Сонымен бірге кейіпкерді атаудың әртурлі құрылымдық варианттары кездеседі: есімі мен шықкан тегі: *Күнтуды Елік*; *Махмұт Йүгінекі*; *Зұннұн Мысри* т.б.; эскорт сөзден тұратын тұрақты тіркес: *Міскін Ахмет*, *Әдіб Ахмет*, *Құл Қожа*, *Шайдыр Ахмет*, *Сыдық дүр* т.б.

**Корытынды**

Біз зерттеу материалдары негізінде онимдердің құрамы, жасалу жолдары, вариантылық т.б. бойынша талдау жүргіздік.

*Сырдария* өзені атауындағы түркітілді *Сыр* компоненті мен иран тілді *дария* «өзен», «теніз» терминдерінен жасалған композита атау деуге болады.

**Әдебиеттер**

- 1 Жанұзаков Т. Қазақ тілі ономастикасының негізгі проблемалары: филол. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 1976. – Б. 23.
- 2 Султанъяев О.А. Казахские микротопонимы Kokchetavской области, образованные от личных имен. Ономастика. – М.: Наука, 1969. – С. 208.
- 3 Искакова Х.Ф. Структура составных топонимов (на материале Крыма) // Тюркская ономастика. – Алма-Ата: Наука, 1984. – С. 163-171.
- 4 Линко Т.В. Қазақша мал атаулары // Қазақ ономастикасының мәселелері. – Алматы, 1986. – Б. 116-121.
- 5 Молчанова О.Т. Участие усложненных притяжательных предикативных синтагм в номинации географических объектов Горного Алтая // Материалы конференции о проблемах Азербайджанской ономастики. – Баку, 1986. – С. 115.
- 6 Охунов Н., Бозоров О. Формообразующие аффиксы как компоненты топонимии Узбекистана и Азербайджана // Материалы конференции о проблемах Азербайджанской ономастики. – Баку, 1986. – С.134.
- 7 Van Buren H. American ways with names // Culture learning: concepts, applications, and research. Richard Brislin ed. Honolulu: University of Hawaii Press. – 1980. – Р. 111-130.
- 8 Супрун В.И. Ономастическое поле русского языка и его художественно-эстетический потенциал. – Волгоград, 2000. – С. 156.
- 9 Бузаров В.В., Льнова Э.Г. Что такое аппроксимация в лингвистике? // Иностранные языки в школе. – 1991. – № 2. – С. 100
- 10 Древнетюркский словарь. – Л., 1969. – С. 471.
- 11 Жанұзаков Т. Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы, 1975. – Б. 54.
- 12 Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ. Ономастика: зерттеу мәселелері. – Астана, 2005. – 240 б.
- 13 Қайдар Ә. Қазактар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік) Адам. –Алматы. 2009. – Б. 360.

**References**

- 1 Zhanuzakov T. (1976). Kazakh tili onomastikasynyn negizgi problemalary: filol. gyl. dokt. ... diss. [Main problems in Kazakh language onomastics] Almaty, B. 23. (In Kazakh)
- 2 Sultan'jaev O.A. (1969). Kazahskie mikrotoponimy Kokchetavskoj oblasti, obrazovannye ot lichnyh imen. Onomastika. [Kazakh microtoponyms of Kokshetau region(oblast), formed from proper names] M.: Nauka, S. 208. (In Russian)
- 3 Iskakova H.F. (1984). Struktura sostavnnyh toponimov (na materiale Kryma) [Sturucture of compound toponyms (on the material of Crimea)] Tjurkskaja onomastika. Alma-Ata: Nauka, S. 163-171. (In Russian)
- 4 Linko T.V. (1986). Kazakhsha mal ataulary [Kazakh cattle namings] Kazakh onomastikasynyn maseleleri. Almaty. B. 116-121. (In Kazakh)
- 5 Molchanova O.T. (1986). Uchastie uslozhnennyh pritjazhatel'nyh predikativnyh sintagm v nominatsii geograficheskikh ob'yektov Gornogo Altaya [Participation of complicated possesive predicative syntagms in nomination of geographical objecs of mountain Altai] Materialy konferentsii o problemah Azerbajdzhanской onomastiki. Baku, C. 115. (In Russian)
- 6 Ohunov N., Bozorov O. (1986) Formoobrazujuschie affiksy kak komponenty toponimii Uzbeksitan i Azerbaizhan [Formative affixes are as components of Uzbekistan and Azerbaijan toponymy] Materialy konferentsii o problemah Azerbajdzhanskoy onomastiki. Baku, C. 134. (In Russian)
- 7 Van Buren H. (1980). American ways with names. Culture learning: concepts, applications, and research. Richard Brislin ed. Honolulu: University of Hawaii Press. P. 111-130. (In English)

- 8 Suprun V.I. (2000). Onomasticheskoe pole russkogo jazyka i ego hudozhestvenno-`esteticheskij potentsial. [Onomastic field of the Russian language and its art-aesthetic potential] Volgograd, S. 156. (In Russian)
- 9 Buzarov V.V., L'nova 'E.G. (1991) Chto takoe approksimatsija v lingvistike? [What is a approximation in linguistics?] In-  
ostrannye jazyki v shkole. No 2. S. 100 (In Russian)
- 10 Drevnetjurkskij slovar'.(1969). [Old Turkic dictionary] L., S. 471. (In Russian)
- 11 Zhanuzakov T. Kazakh esimderinin tarihy. [History of the Kazakh names] Almaty. 1975. B. 54. (In Kazakh)
- 12 Madieva G.B., Imanberdieva S.K. (2005). Onomastika: zertteu maseleleri. [Onomastics: research problems] Astana, 240 b.  
(In Kazakh)
- 13 Kaidar A. (2009). Kazakhtar ana tili aleminde (`etnolingvistikalyk sozdik) Adam. [The Kazakh in mother tongue world (eth-  
nolinguistic dictionary)] Almaty, B. 360. (In Kazakh)

**Қалыбаева Қ.С.<sup>1</sup>, Тымболова А.О.<sup>2</sup>, Алишова А.Н.<sup>3</sup>,**

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің  
<sup>1,2</sup>профессоры, ф. г. д., <sup>3</sup>магистранты, Алматы қ., Қазақстан,  
e-mail:azkal2015@bk.ru; aruner@mail.ru

## **ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫРГЫЗ ТІЛІНДЕРІНДЕГІ ҒҮРҮПТҮК ЛЕКСИКА**

Мақалада қырғыз және қазақ тілдеріндегі отбасылық ғүрүптарға қатысты қалыптасқан мәдени тілдік бірліктердің табиғаты сөз болады. Сонымен байланысты туыстас екі тілдегі лексиканың ауқымды қабатын құрайтын отбасылық ғүрүптық лексика жан-жакты талдау негізіне алынады. Әсіреле, қырғыз және қазақ тілдеріндегі нәрестенің дүниеге келуіне байланысты, қызға құда түсуге, үйленуге, келін түсіруге қатысты салт-дәстүрлердің атаулары мәдени тілдік бірліктер ретінде бағамдалып, әр халықтың ұлттық танымымен сабактастықта қарастырылады. Және де туыстас халықтардың ырым-жоралғыларына қатысты қалыптасқан мұндай тілдік бірліктердің көнетүркілік, көне алтайлық тамырластырығы да тілдің тарихы түрғысынан зерделенеді. Сонымен қатар, мақалада екі халықтың танымында қалыптасқан ұлттық ерекшеліктерінің де бірқатар мәселелері аранайы сөз етіледі.

**Түйін сөздер:** қырғыз тілі, қазақ тілі, мәдениет, әдет-ғүрүп, лексика, ғүрүп, сәби, үйлену.

Kalybaeva K.S.<sup>1</sup>, Tymbolova A.O.<sup>2</sup>, Alishova A.N.<sup>3</sup>,

<sup>1,2</sup>DSc, Professor, <sup>3</sup>Research Assistant of Kazakh State Women's Teacher Training University,  
Kazakhstan, Almaty, e-mail: azkal2015@bk.ru, aruner@mail.ru

### **Traditional Kazakh and Kyrgyz Vocabulary**

This article describes the nature of deep-seated cultural linguistic units regarding family traditions in Kyrgyz and Kazakh languages. Taking into consideration this aspect, the comprehensive analysis is based on traditional family dictionary that is a large-scale layer of vocabulary of these two kin languages. Particularly, Kazakh and Kyrgyz names of customs connected with the birth of a child, marriage proposal, wedding, marriage of a son are considered cultural linguistic units connected with national understanding of either people. Old Turkic and Altaic roots of such linguistic units connected with legends of kin peoples are examined from the point of view of the history of language. At the same time, this article describes in detail a lot of national peculiarities existing in the conception of two peoples.

**Key words:** kyrgyz language, kazakh language, culture, traditions, vocabulary, custom, child, wedding.

Калыбаева К.С.<sup>1</sup>, Тымболова А.О.<sup>2</sup>, Алишова А.Н.<sup>3</sup>,

<sup>1,2</sup>Д. ф. н. профессор, <sup>3</sup>магистрант  
Казахского государственного женского педагогического университета,  
Казахстан, г. Алматы, e-mail:azkal2015@bk.ru; aruner@mail.ru

### **Традиционная лексика на казахском и кыргызском языках**

В статье рассказывается о природе укоренившихся культурных языковых единиц в отношении семейных традиций в кыргызском и казахском языках. В связи с этим, берется в основу всестороннего анализа семейная традиционная лексика, являющаяся масштабным слоем лексики двух родственных языков. В особенности, названия обычая на казахском и кыргызском языках, связанные с рождением младенца, сватовством девушки, женитьбой, женитьбой сына, предполагаются в качестве культурной языковой единицы, и рассматриваются во взаимосвязи

с национальным пониманием каждого народа. Также древнетюркские, древнеалтайские корни таких языковых единиц, сформированные в отношении поверьев родственных народов, осмысливаются с точки зрения истории языка. Наряду с этим, в статье специально уделяется внимание множеству вопросов национальных особенностей, сформированных в понятии двух народов.

**Ключевые слова:** кыргызский язык, казахский язык, культура, традиции, лексика, обычай, младенец, женитьба.

## Kіріспе

Тіл халықтың қоғамдық, әлеуметтік өмірімен, саяси-экономикалық жағдаймен тығыз байланыста дамиды, кемелденеді. Қазіргі қазақ тіл білімінде ұлт, тіл, мәдениет қатынастарын, олардың өзара байланысын және езіндік ерекшелігін антропоценристік бағытта қарастыру кең орын алып отыр. Сол секілді туыстас халықтардың ұлттық ерекшеліктерін таныттын әдет-ғұрып лексикасы да бүтінгі таңда ауқымды да маңызды мәселелер тізіміне еніп отыр. Жалпы, ғұрыптық лексика халықтың рухани дүниесін түгел қамтиды. Өйткені, бұл – әр халықты мәдениет, салт-дәстүрі тұрғысынан салыстыра зерттеудің таптырмас құралы. Салт-дәстүр, ұлттық болмыстың тікелей көрінісі. Жалпы, әдет-ғұрыптар өмірдің қай саласында орындалуына қарай бірнеше топқа бөлінеді. Олардың ішіндегі ең ірілері ретінде шаруашылыққа байланысты ғұрыптар, үй-тұрмысына байланысты ғұрыптар, қоғамдық-әлеуметтік ғұрыптардың айтамыз. Шаруашылық әдет-ғұрыптары өз кезегінде – егіншілікке, малшылыққа, т.б әртүрлі кәсіптерге байланысты болып бөлініп кете береді. Үй тұрмысына байланысты ғұрыптар ретінде отбасылық ғұрыптар, үй шаруашылығына байланысты ғұрыптар секілді турлерін айтудымызға болады. Ал, бүтінгі мақаламызда біз әдет-ғұрыптардың ішінде «отбасылық ғұрыптар» деп аталатын бөлігіне арнайы тоқтalamыз. Әдетте, «Отбасын құруға байланысты ғұрыптар», «бала туып, оны өсіруге байланысты ғұрып-ырымдар», «Өлген адамды жерлеуге байланысты ғұрыптар» деп бірнеше топқа бөлінеді.

Жалпы, отбасы ғұрыптары – әдет-ғұрыптардың ішіндегі ең толымдысы, құрамы жағынан ең құрделісі. Саяси идеологиялық өзгерістер бұл саладағы ғұрыптарға көп жағдайда тікелей әсер ете алмайды, жанама әсері болады. Сондықтан, бұл саладағы ғұрыптар өзгеріске аз ұшырайды, тұрақты келеді. Отбасылық әдет-ғұрыптардың тағы бір ерекшелігі – той жасау, өлікті жерлеу сияқты қалың қөпшілік қатысатын ғұрыптық

шаралардан басқалары, көбінесе, шектеулі адамдар ортасында іске асады. Бұл ғұрыптық шаралардың көпшілігі отбасылық ауқымда іске асқанымен, түптеп келгенде олар – қоғамдық-әлеуметтік мәні бар шаралар. Бұл ғұрыптар адамдардың рухани кеңістігін толтырады, өздеріне түсініксіз құбылыстарға осы ырымжоралғылар арқылы олар жауап береді, алдын-ала «шара» қолданады.

## Эксперимент

Қырғыз тілінің түркі тілдеріне жататындығы 19-ғасырда белгілі болғанына қарамастан, түркі тілдерінің қай тобына жататындығына келгенде ғалымдар әлі күнге бір пікірде емес. И.Н. Березин қырғыз тілін түркі тілдерінің онтүстік тобына жатады десе, В. В. Радлов – батыс, Ф.Е. Корш – солтүстік, А.А. Самойловичтың пікір бойынша қыпшақ түркілерінің солтүстік –батыс тобына жатады. Ал, Н.А. Басқаков қырғыз тілін көне түркі тілдерінің бірі деп қарап, оны шығыс ғұн тобындағы қырғыз-қыпшақ тілдерінің қатарында қарайды. (Musaev, 2016: 57). Шындығында бұл тілдің фонетикалық және грамматикалық құрылымы түркі тілдерінің басқа түрлеріне қарағанда алтай тобындағы тілдерге генетикалық жақындығы зор екендігін В.В. Радловтың енбекінен де білеміз. (Radloff, 1982: 9-13). Қалай дегенмен де қырғыз және қазақ тілдерінің тілі мен мәдениетіндегі ортақтықтар басқа түркі тілдеріне қарағанда, басымдық танытатынның ғалымдарымыз айтып жүр. (Somfai Kara, 2003:60).

Көпшілік зерттеушілердің пікіріне сүйенер болсақ, қазактарға қарағанда, қырғыздың некелік ғұрыптары оның әр тараптарында түрліше. Онтүстік қырғыздармен солтүстік қырғыздардың арасында бұл жағынан айырмашылық ете күшті. С.М. Абрамzonның пікірінше, онтүстік қырғыздардың ғұрыптарында көрші өзбектер мен тәжіктерден жұғысты болған ғұрыптар көп және шығыс қырғыздардың салт-жораларында архаикалық элементтер көбірек сақталған. Сонымен қатар, қырғыздардың некелік ырым-

салттарында алтайлықтар, хақастар, аздап буряттардың салттарымен жақындастып келетін тұстары біршама (Abramzom, 1989: 15).

Нәрестенің дүниеге келуі қырғыздарда жанұялық өмірдің ен басты әрі қуанышты мерекесі болып есептеледі. Оған ауыл арасында даналығымен көзге түсіп, сый құрметке бөлгенгөн ақсақалдармен қарт әйелдер ұзак және бақытты өмір сүр деп тілек тілеген. Жанұядагы бала – ол ататекпен оның дәстүрінің жалғасы, ол халықтың өмір шендігінің символы сондықтан бала дүниеге келгеннен кейін аяғы ауыр әйелді үйдің барлық ауыр жұмыстарынан босатқан, ауылдан жалғыз өзіне шығуға тыйым салған, түрлі магиялық әрекеттер арқылы зиянды құштерден аластаган. Зиянды құштерден қорғану үшін аяғы ауыр әйел әртүрлі бойтұмарларға сиынған. Ол міндетті түрде өзінің киміне Құраннан алынған сөздерді, сондай-ақ аудың тырнағын, үкінің аяғын сактаушы ретінде тұмар етіп таққан. Бойтұмарды қеуденің сол жақ тұсына йықтың жанына таққан, босанғалы жатқан әйелді зиянды құштерден қорғау үшін босану үстінде киіз үйде күні-түні от жанып тұратын болған. Алаудың жанында ұшы есікке қарап пышақ жататын болған. Киіз үйдің торланған бөлігі керегеде әйелдің бас жағына оқтаулы қару ілінген. Сенім бойынша, бұл затта зиянды құштерді қорқытып кері қайтарған. Дәстүр бойынша жаңа туған нәрестенің тамағы сиырдың құйдірілген майы «сары майы» болған. Бұны балаға сорғызған, бұдан кейін алғашқы кимі «кайнок»- ит көйлек кигізілген. Оны үлкен кісіден немесе көпбалалы сыйлы қарт әйелден алынған ақ матадан тіккен. Бұл киімді кей жағдайларда алдымен итке, содан кейін балаға кигізген. Ит көйлек аталуы осыдан шыққан, бұл әрекеттер ұзак және бақытты өмір сүру, денісау және шымыр болу деген сенімнен тұратын «ырыммен» байланысты. Нәрестенің дүниеге келуіне байланысты қайталанбас құаныштарға толы әрекеттердің барлығы орындалған. Бұл «суиунчы» – құанышты хабарды жеткізген үшін сый алу мақсатындағы тарту, «корундуқ» – нәрестенің бірінші рет көрү үшін берілетін сый, «жентек» немесе «бешик той» – нәрестенің құрметіне орай ұйымдастырылатын мереке. «Ат койуу» есімдердің мағынасына ерекше мән берілген. Дәстүр бойынша әйел адам нәрестеге ат коймаган. Бұл шараны орындауга ауылдың сыйлы адамы немесе «азанчы», яғни сол сәтке шақырылған адамға болмаса нәрестені алғаш көрген адамға тапсырылған. Нәрестеге ат қою барысында оның мінезіндегі ерекшеліктерге

мән берген. Содан кейін барып оған лайықты есімді қоятын болған.

Нәрестені бесікке – «бешик» бөлеу дәстүрі ерекше әркеттермен орындалған. Баланы бесікке бөлеуші қарт әйел: «менин колуым емес, Умай-эне, Батма, Зууранын колуу» – «менін қолым емес, Умай, Фатима, Зухра аналардың қолы; «Умай-эне уйку бер, бешик ээси бек сакта» – «Умай-ана, тыныш ұйқы бер, бесіктің иесін қарашибындағы сакта», – деп айтқан. Бесікке бөлердің алдында нәрестенің дүниеге келгеніне 40 күн толғанда, оны 40 қасық жылы суға жуындырған – «қырық кашық сууга киренту», алғашқы шашын алған – «карын чач», «ит койнектин» орнына басқа киім – «қырық кейнок» кигізілген. Оны нәрестенің анасы немесе әжесі көршілерінен, үлкен кіслерден сұрап әкелген әр түрлі мatalардың қырық киындысынан тіккен. Бұл күні майға дәстүрлі қырық тоқаш – «май тоқоч» немесе шағын құймақтар – «қырық чепек» пісіріп оларды қырық балаға таратқан. Жаңа туылған баланы 3-4 күннен кейін немесе 40 күннен кейін бесікке салады. Бесікті баланың нағашы апасы алып келеді. Баланы бесікке бөлеу құрметіне жасы үлкен, көп балалы ана ие болады. Баланы бесікке салмас бұрын бесікке балта, шот, асық салып тербетеді. «Оң ба? Оң ба?» – деп сұрайды. Төңірегінде отырған әйелдер «Оң! Оң!» – деп айғайлайды. Бесіктегі балта, шот, асықты алып, бесікті аршамен аластайды. Содан кейін баланы бөлейді. Бөлекен ана: «Жасың ұзак болсын!» деген тілек айтады. Баланы бөлеп біткен соң, қамшымен бесікті үш рет ұрады. Бұл пәле – жаланы куу деген мағынаны білдіреді. Бесікке балта, шот салу себебі – темірдей мықты болсын! деген тілекті білдіреді. Асық – Умай анатың символы Умай ана баланы қорғайды деп түсінеді. Бала өз бетімен алғашқы кадамдарын жасаған кезде оның құрметіне «тучоо кесуу» дәстүрі орындалған. Бұл үшін баланы аяктарын екі жіңішке жібек жіптен тоқылған жіптермен байладап, киіз үйдің алдына шыгарған. Жіптер міндетті түрде ақ және қара түсті – «ала жип» болулары керек. Олар жарық пен түнектің, жақсылып пен жамандықтың құресін білдірген. Қырғыздардың көз қарасы бойынша адамның өмірінде қуанышпен қайғы бірге орын алады бала кезден өмірдің барлық жағдайаттарына дайын болу керек. Тұсау кесу рәсімі әдетте таңғы уақытта басталған. Киіз үйге қарама-қарсы бетте аяғы байлаулы баланы қарсы алуға 8-12 жастандағы балалар жарыс «жарыш» ұйымдастырған бірінші болып жеткені қолына

пышақты алып, баланың аяғындағы шырмауды кескен. Бұл пышақты ол өзімен бірге алып кететін болған. Сонымен бірге оған шағын сый берілген. Бұл дәстүр қазіргі уақыттада орындалады. 1 жастан 2-ші жасқа көшу әр түрлі әдет-ғұрыптар арқылы орындалған, үлкейген сайын бұл ғұрыптар азайа бастаған. Ұл балаларды 3, 5 немесе 7 жасында (так сан) ислам дінінің шарттарына сәйкес сүндепке «сундент» отырғызған, қыздарды 9-10 жасында шаштарын өріп, шаш өру дәстүрі орындалған. Баланы бірінші атқа отырғызу – «атқа мингизу», мұрттарын алғашқы рет қырыу – «муруг серпуу» дәстүрі орындалған.

### **Нәтижелер мен талдаулар**

Талдау барысында қазақ және қырғыз халқында үйлену салтына байланысты да негізінен түркілік ортақ діңгек сақталып отырғызмен, тарихи тарамдалу жолында бірқатар ерекшеліктер де орын алғанын байқаймыз. Мысалы, қырғыздар ертеректе, 7 атаға дейін қыз алыспауды сактаған болса, бүгінде негізінен 4 атаға дейін қыз алыспайды. Ал, бұл қазактарда әлі қүнге 7 атаға дейін созылады, қазақ халқында 7 атадан кейін ғана қан араласпайды деген болжамы медициналық тұрғыдан да дәлелденіп, нақтыланған. (Islam A, 2004: 55). Сонымен қатар, үйлену дәстүрлерінің бірінші кезеңі болып саналатын құда тұсу, қалыңмал төлеу, үйлену тойы, ұрын бару, некелесу сияқты әдет-ғұрыптар қырғыздар мен қазактарда бірдей сақталған. Осы жағынан алып қарағанда қырғыздар мен қазактарда қолданылатын отбасылық, некелік қарым-қатынас атаулары да ұқсастығымен ерекшеленеді. Қазактар мен қырғыздардың үйлену тойы салт-дәстүрлерінде кездесетін тартыс, қалыңдық пен жігітті байлау, арқан тарту, жар-жар, беташар, неке қио, той ойындары дәстүрлерінің орындалуында айтарлықтай айырмашылықтар жоқ. Халқымызда тұрмыс-салт жырларының ең көп тарағандарының бірі – сиңсу. Ұзатылған қыз өз босағасынан аттанар алдында ағайын тугандарын аралайды, былайша айтқанда қоштасады (бірақ бұл дәстүрлі қоштасу емес). Женгесін ертіп ағайындарын аралап жүрген қыз жәй жүрмейді. Ол өзінің балалық дәуренінің, он жақта бұлғақтап өсken бақытты құндерінің өткендігін, аяулы ата-анасының, туысқандарының өзін мәпелеп өсірудегі еңбегін өлеңмен айта жүріп өксиді. Қырғыз халқында бұл қыз ұзату салты «қыз қыңшылатуу» деп аталады. (Unusaliev, 1965: 5-22). Бұл ел де казак

халқы сияқты құдалықты құйрық-бауыр жеумен бекітеді. Ал, памир қырғыздарында бұндай келісімнің ишараты болып құдалардың өзара бір-біріне белін бүгіп, сәлем салуы есептелген, немесе құдалық мәселесі шешілгенде қыз жағы құдалардың алып келген ет, тәтті тағамдардан тұратын сәлем –сауқатын қабылдаған. Қыз айттырып бару, яғни жаушы жіберу ұғымын қырғыз тілінде «жуучу жиберүү» тіркесі білдіреді. (Karataev, Eraliev, 2005: 228). Қырғыздардың күйеулеу салты ішкі рәсімдері жағынан қазактардікіне көп ұқсас келеді. Бұл жерде бір айта кететіні, аталмыш салт, негізінен, солтүстік қырғыздарда орындалады да, ал онтүстік қырғыздарда оның орындалуы міндетті емес, ал орындалатын болса, қалыңмалды толық төлегеннен кейін ғана іске асады.

Қырғыздардың келінге саукеле кигізу, беташар айту, отқа май құйғызы, теріге отырғызы, жаңа отаудың шанырагынан сүйек лактыру, екі жасты алғаш кездестіргендегі бақан тастар, ит ырылдар сияқты көптеген ырым-жоралары қазактікіне көп жағынан ұқсас. (Islam A, 2004: 69). Дегенмен, қазакта да, қырғызда да кездеспейтін ырым-салттар да аз емес. Мысалы, ұрпақты болсын, пәле -жалаған аман болсын деп екі жасты арнайы сойылған лақтың өкпесімен қағу, жастарға өкіл ата, өкіл ене тағайындау т.б. салттар – қазақ халықтарында кездесе бермейтін ерекшеліктер. Қазақ, қырғыз, қарақалпақ, түркмен және жартылай көшпелі өзбектерде жас келіннің басына киетін арнайы киімі сәукеле бар. Ол қырғыздарда шокуло, сонымен қатар, халықтардың көбіне ортақ тұрмысқа шыққан әйел бас киімі – кимешек деп аталған. (Toleubayev, 2010: 28).

Дәстүр бойынша құдалаудың ескі тұрлери, яғни әлі туылмаған балаларды атастыру –«бел куда», кішкене сәбілерді атастыру- «бешик куда» деп аталатын тұрлери бар. Біріншісі бойынша әлі туылмаған балалардың болашақ үйлену тойы туралы бір-біріне шексіз берілген достар немесе ең қыын сәтте көмек қолын созуда мүлде бейтаныс адамдар уәделескен. Бұл үшін олар бір-біріне өмір бойы туысқан болуға аnt берген, мұны «соектешуу» – «сүйектесу» деп атаған. Үәделерін «ок тиштее» – садактың оғын тіспен алу, «чыпалақтын қанын соруу» – бір-бірінің саусағындағы қанын сору, «чырпық қыркуу» – шыбық қыркуу, «шилекей алышуу» – сілекей алысу, т.б. әдет-ғұрыптар арқылы орындаған. Егер отбасылық жағдайтарға байланысты бала болмаған жағдайда олар өмірлік дос болып қалған. Ол қырғыздарда «антуу дос», «акырет-

тик дос» деп аталған. Салтқа сәйкес, болашақ күйеу баланың ата-анасы кішкентай қыздың құлағына күміс сырға салған, бұл «сейке салуу» деп аталады. Күйеу жігіт пен қалыңдықтың не-кеге дейінгі кездесуі «күйелеу» немесе «үйдун жанына баруу» – күйеулеу немесе күйеу баламен танысу салты арқылы жузеге асқан. Бұл дәстүр әдеттегі құқықтық ережелерге сай деп есептелген және үйлену тойына дайындық ба-рысында ерекше маңызға ие. Үйлену тойына аз қалғанда күйеу жігіт өзінің жақын доста-рымен қалыңдықтың ауылына жақын жерге тоқтаған. Болашақ жас жұбайларға арнап барлық жасау-жабдығымен кіз үй тіккен. Кездесу кезінде әр түрлі жастардың ойын-сауықтары ұйымдастырылған, ол «қызы ойнотоор» – «қызы ойнатар» деп аталады. Күйеу жігіт өзін барлық құрбыларымен бірге кіз үйдің ішінде күтіп отырған қалыңдығына кіrmес бұрын кіз үйдің сыртынан қалыңдықтың бас киімін ұрлауы ке-рек, бұл салт «такая сайуу» деп аталған. Егер ол қалыңдықтың бас киімін ала алмаса, бұл әрекет бірнеше рет қайталаңған. Ұлардың барлығы дерлік қалжың-күлкімен жузеге асқан. Одан кейін күйеу жігіт пен қалыңдықтың кездесуі – «жар корушуу» ұйымдастырылған. Ақырында, үйлену тойына дейін, яғни қалыңдықты ауы-лынан ұзатып алғып кетуге 15 күн қалғанда салт бойынша күйеу жігіт қалыңдықтың ауылына «жығач тушуруу» деп аталатын сый берген. Той және оған қатысты барлық салт-дәстүрлер басқа дәстүрлерге қарағанда ең жарқын, ең қызық, ең маңызды болды. Жігіттің ата-анасы, туыстары келгенде қалыңдық ауылында ұлken «қызы уза-туу» тойы болды. Жігіт келер алдында қыз дәстүр бойынша, барлық туыстарын арапап шығып, қоштасты, өзінің құрбыларына қыздар отыры-сын жасады. Той салтанаты ән мен музыканы, түрлі ойын жарыстарын қамтитын көз тоярлық, көңіл көтерерлік шаралармен жалғасты. Қызды шығарып салу және оның жігіт ауылына қошуі кезінде «кемпир олду», «чал жыгар», «қызы қын-шытуу», «жыноу-жаюу», «жүк керуу», «кукурук байтал», «орок кой», «ерге жабар», «тундук которуу», «үй которуу», «толгоо табак», «той та-ратуу», «токмок салуу», «тешок талашуу» және басқа да дәстүрлі ойын шаралары және ат жары-сы өткізілді. Жігіт туыстары келгенде олардың алдынан – «аркан тартуу» жуан арқан тартылды, жігіттің ата-анасы одан жеңіл-желі сыйлықтар беріп өтетін болды. Қалыңдық әкесінің үйінде ең басты дәтүрлі шаралар өтті: арнайы дайындалған әйел күйеу туыстары әкелген коржынды ашты – «куржун соегу», біршама уақыттан соң жігіт

туыстары әкелген бағалы, қымбат киімдерді – «күйит» таратылады. Осы уақытта қалыңдықты сатып алу – «қалын» рәсімі берілді. «Қалын» – қалыңмал, негізінен, малдан тұрды, малдың әр түрінен тоғыз мал беру керек болды. Бұл сан киелі, қасиетті болып саналды. Тоғыз ағаш табақта дәстүрлі тамакты, киімдерді және ұсақ-түйек заттарды салып әкелді – «тогуз табак» тартты.

Той қарсаңында қыз туыстары «шаш өру» салтын жасады – қыз шашын тара-тып, әйелдердің шашындағы қылып өрді. Бұл дәстүр үлкен өмірге қадам басудың алғашқы сатысы болды. Қалыңдыққа жылы сөздер, сенімді, адаптация болуға, жақсы, ұқыпты әйел болуға түрлі ақыл-кенестер айттылды. Барлық той киімдері, түрлі салтанатты бұйымдарымен қалыңдықты женгелері ең алғаш күйеудің ата-анасынан көрсетті – «жүз корушуу», ол үшін олар сыйлықтар алды. Қалыңдықты жігіт ауылына шығарып салу кезінде «қызы ұзатуу» дәстүрі бол-ды, ол кезде әйелдер қызбен жылап қоштасты, ол «кошок айттуу» деп аталды. Дәстүр бойын-ша, егер қыз түрмисқа шықса, ол әкесінің еліне, қандай жағдай болмасын, ешқашан қайтып ке-луге болмайтын – «чыккан қыз чиңден тышка-ры» деген, түрмисқа шықкан қыз бөтен болып саналған – «қызы башка элдин кишиси» деген, қандай жағдай болмасын, ол қайтып келмеуі тиіс болған, сондықтан оны мәңгілік сапарға шығарып салғандай қылып шығарып салған.

«Отко киргизуу» рәсімі де ерекше маңызды болды. Күйеудің туыстарының бәрі жас жұбайларды кезек-кезек қонаққа шақырды, олардың құрметіне қой сойды, қалыңдықты өздерімен таныстыруды, онын басына ақ жаулық тартты – «ак жоолук». Қырғыздарда ақ түс тазалықтың, бақыттың, ақ көнілділіктің белгісі болды.

## Қорытынды

Сонымен, қорыта айтатын болсақ қазақ және қырғыз халықтары тіліндеріндегі ғұрыптық лексикадағы ортақтықтар екі халықтың жақын туыстығының айқын дәлелі бола алады. Соған қарамастан, салыстыра зерттелуі қажет екі халық тіліндерінде салт-дәстүрлерімізге қатысты ғұрыптық лексикада азды-көпті айырмашылықтар да орын алғандығы байқалады. Эрине, мұндай айырмашылықтардың түп тамыры теренде жа-тыр. Мұның өзі қырғыз және қазақ халықтарының бастан кешкен түрлі тарихи оқиғаларымен, күн көріс тәсілімен, тіпті қоныстанған географиялық

жер жағдайымен де байланысты болуы мүмкін. Өкінішке орай түркітануда туыстас халықтардың лексикасын осылай салыстыра зерттеу әлі де кенже қалып келе жатқаны жасырын емес. Сондыктан да, тамыры бір туыстас екі түркі халқының ғұрыптық лексикасына қатысты айттар

сөзіміз бұнымен бітпейді. Алдағы уақытта бұл өз алдына арнайы зерттелуі керек деп ойлаймыз. Себебі, екі халықтың ғұрыптық лексикасындағы ортақтықтар мен айырмашылықтар түркі тілдері лексикасының даму жолы жайлы мол мәлімет болып табылары анық.

### Әдебиеттер

- 1 Musaev S. J. The kyrgyz language. // Проблемы современной науки и образования. – № 20 (62) / Под ред. С. В. Вальцева. – Иваново, 2016. – С. 56-57.
- 2 Radloff W. Honeti der n rdli hen ür spra hen. – Leipzig, 1882. – P. 9-13.
- 3 Somfai Kara D. Kyrgyz – Lincom Europa, 2003. – 60 p.
- 4 Абрамзон С.М. Қыргыздар. – Бишкек, 1989. – 232 б.
- 5 Ислам А. Ұлттық мәдениет контексінде дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама): Фил. ғыл. док. дис... – Алматы, 2004. – 340 б.
- 6 Юнусалиев Б.М. Заметки по истории киргизского языка. – Фрунзе, 1965. – С. 5-22.
- 7 Карапаев О., Эралиев С. Қыргыз этнографиясы боюнча сөздүк. – Бишкек: Бийиктик, 2005. – 600 б.
- 8 Төлеубаева К.М. Қазактар және Орталық Азия халықтарының отбасы, отбасылық әдет-ғұрып, салт-саналары (салыстырмалы-этнографиялық зерттеу): Тарих ғыл. канд. автореф. – Алматы, 2010.

### References

- 1 Abramzon S.M. (1989). Kyrgyzdar. [Kyrgyz.] Bishkek, 232 b. (In Kyrgyz)
- 2 Islam A. (2004). Ultyq madeniet konteksindegi dunienin tildik sureti (salystyrmaly-salgastyrmaly ligvomadeni saraptama). [Linguistic picture of the world in the context of national culture (comparative-comparative litigomenological expertise]): Fil. gyl. dok. dis... Almaty, 340 b. (In Kazakh)
- 3 Musaev S. J. (2016). The kyrgyz language. Problemy sovremennoy nauki i obrozovaniya. No 20 (62). Pod. red. S.V. Valceva. Ivanovo. (In Russian)
- 4 Karataev O. Erali'ev S. (2005). Kyrgyz etnografiyasy boiyncha sozdik. [According to the Kyrgyz ethnography dictionary.] Bishkek, Biiktik, 600 s. (In Kyrgyz)
- 5 Radloff W. (1882). Honeti der n rdli hen ür spra hen. Leipzig.
- 6 Somfai Kara D. (2003). Kyrgyz. Lincom Europa, 60 p.
- 7 Toleubaeva K.M. (2010). Qazaqtar zhane Ortalyq Azya halyqtarynyn otbasy, otbaslylyq adet-guryp, salt-sanalary (salystyrmaly-etnografiyalyq zerttey) [Family and family traditions of Kazakhs and Central Asian peoples (comparative-ethnographic study).]: Tarih gyl. kand. avtoref. Almaty. (In Kazakh)
- 8 Unusaliev B.M. (1965). Zametki po istorii kyrgyzskogo yazyka. [Notes on the history of the Kyrgyz language.] Frynze. (In Russian)

**Kiynova Zh.K.,**

DSc., Professor of Al-Farabi Kazakh National University,  
Kazakhstan, Almaty, e-mail: zhanarkiynova@gmail.com

## **SEMANTIC-STYLISTIC ORIGINALITY SLAVONIC WORDS IN LANGUAGE OF MODERN NEWSPAPERS**

The article discusses the features of the use of modern language Slavonic words in newspapers. On the material, collected from the newspaper subcorpus of Russian National Corpus, active language describes the processes that are most clearly reflected in the media. On the basis of the analyzed context, the author draws conclusions about the main trends of the modern use of somatic Slavonic words and stylistically marked verbs describing the same type of situation. There are given the examples of figurative rethinking of biblical terms as a result of various associations, reflecting the value ideas of a modern democratic society. For the purpose of systematization and classification of the examples revealed from newspaper texts the content analysis method has been used.

**Key words:** Media, modern newspaper text, Slavonic words, stylistically labeled archaic words, biblicalisms, Russian National Corpus.

Қиынова Ж.К.,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, ф. ғ. д.,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: zhanarkiynova@gmail.com

### **Заманауи газеттер тіліндегі славянизмдердің семантика-стилистикалық өзгешелігі**

Мақалада заманауи газеттер тіліндегі славянизмдердің қолдану ерекшеліктері қарастырылады. Орыс тілінің Ұлттық корпусының газеттен алынған мысалдар жинағынан алынған материал негізінде БАҚ-да ерекше айқын көрінетінбелсенді тідік үдерістер сипатталады. Автор талданған мысалдар негізінде бір типті жағдайларды сипаттайтын соматикалық славянизмдер мен стилистикалық маркіленген етістіктердің заманауи қолдануының негізгі үрдістері туралы тұжырымдар жасайды. Қазіргі демократиялық қоғамның құндылықты туспінктерін бейнелейтін әртүрлі ассоциациялар нәтижесінде туындаған библиялық тіркестердің аудиоспай мағынада қолдану мысалдары көлтіріледі. Газет мәтіндерінен алынған мысалдарды жүйелеп, топтастыру мақсатында контент-талдау әдісі қолданылады.

**Түйін сөздер:** БАҚ, заманауи газет мәтіндері, славянизмдер, стилистикалық маркіленген архаизмдер, билеизмдер, орыс тілінің Ұлттық коорпусы.

Киынова Ж.К.,

д. ф. н. профессор Казахского национального университета им. аль-Фараби,  
Казахстан, г Алматы, e-mail: zhanarkiynova@gmail.com

### **Семантико-стилистическое своеобразие славянизмов в языке современных газет**

В статье рассматриваются особенности употребления славянизмов в языке современных газет. На материале, экспонированном из газетного подкорпуса Национального корпуса русского языка, описываются активные языковые процессы, которые наиболее ярко отражаются в СМИ. На основе проанализированных контекстов автор делает выводы об основных тенденциях современного употребления соматических славянизмов и стилистически маркированных глаголов, описывающих однотипные ситуации. Приводятся примеры образного

переосмысления библейских выражений в результате различных ассоциаций, отражающих ценностные представления современного демократического общества. С целью систематизации и классификации выявленных из газетных текстов примеров был использован метод контент-анализа.

**Ключевые слова:** СМИ, современный газетный текст, славянизмы, стилистически маркированные архаизмы, библеизмы, Национальный корпус русского языка.

## Introduction

Anthropocentric paradigms of scientific knowledge has led to the need for greater attention to communication, which is especially important for linguistics that studies the language of human positions, producing in formation and perceive in git. Architectonics of contemporary Russian discourse is characterized by new forms of communication and new genres in every day, public, professional and business communication, as well as a shift to the periphery of the artistic discourse.

In modern life, the means of mass media (hereinafter – the media) play a dominant role, as they reflect the interests and tastes of the most diverse languages of social groups and have strong and all-encompassing influence on the society and its institutions. Language of the media is dynamic, agile, and closely linked to the extra-linguistic situation in the country, and therefore is always in the field of research. It is known that at all times, the leading function of the media is informational, but democratization of the newspaper discourse in a dynamically changing reality, leads to the use of its other functions, such as: creative function and function of cultural memory. In language of media the system of national cultural values is reflected (values and beliefs). Newspaper as the most dynamic form of print media reflects the socio-political and socio-cultural situation in the country in its entirety; journalistic style before other functional styles captures the language / speech changes, i.e. reflects active processes in the modern language at all levels.

High, book or traditional poetic vocabulary, that reflects the moral and spiritual values and traditions of the people: *agnets (lamb)*, *vnima (hear)*, *veschat (tell)*, *vopiyat (understand)*, *gryaduschii (future)*, *vrata (gates)*, *strazh (guardian)*, *tainstvo (mystery)*, *stezya (way)*, *glava (head)*, *gryasti (approach)*, *deyanie (deed)*, *shestvova (parade)* and etc., has been widely involved in the newspaper usage. «Modern reality creates a wide variety of situations in which the use of stylistic Slavonic words seems communicatively caused not only in the spiritual language, but in different functional styles of language» (Nefedeva, 20011: 276).

The trend of the use of passive vocabulary fund is observed since the end of the XX century and is related to these extra-linguistic factors such as the democratization of society, the spiritual «rebirth» of the society, which meant a return to religious sources and as a result, updating of moral principles. Analyzing the originality of language newspaper in the post-Soviet period E.V. Kahorina writes that «... in accordance with the tradition of an old stable journalistic vocabulary is widely used not in a denotative, but in an expressive function. Compare expressive compliance with the new category of «president»: *tsar Boris*, *tsar Boriska*, *Bloody Boris*, *martyr*. State high-level officials today are called dignitaries, rallies and strikes – turmoil and nationwide council, official correspondence – petitions. Particularly, press, newspapers are characterized by the use of words with national, patriotic orientation» (Kahorina, 2000: 70).

## Experiment

For the purpose of systematization and classification of the examples revealed from newspaper texts the content analysis method has been used.

Slavonic words as book words, having sublime and solemn color, brighter realize their emotional and expressive potential in the language of contemporary newspapers, mainly in the headlines – the main structural elements of newspaper texts, realizing their basic function – affecting. In our view, the use of Slavonic words in headlines of newspaper articles due to its actual content: «*Flagman vysheyskolyi – naputi v gryaduschee*»– «*The flagship of high school – on the way to the future*» («Kazahstanskaya Pravda», 15.01.2009). Here the reader's attention is drawn to the book word *gryadushee (future)* with a solemn color, which in modern everyday life speech is an alternative designation of the *future*. Apparently, the content of the article itself, which sets out the prospects for the development of the main university of the country, motivated the use of stylistically marked Slavonic word *gryadushee (future)*, semantic evolution is determined by its close connection with biblical themes. Thus, analyzing the cases of the use of the canonical use of

the word *gryadushii (future)* into the biblical texts, it can be assumed that it originally called the action taking place now, right in front of your eyes, but the modern consciousness interprets this action as the approaching future. This dual interpretation is associated with a particular subject area description: the modern consciousness, the word *gryadetis* clearly contrasted is as «future», «present». In our view, the header title reflects the content of the article itself, as the word *gryadushii (future)*, above all, means coming, having at the same time some important event-and hence the space-time semantics. On the contrary *future* in the modern language may be used with respect to subject names: *my future husband, our future flat.*

A particular interest comprise the headlines with the word *grad (town)* (lacking full vocalism, such as *grad (town)*, *zlatu (gold)*, *drevo (tree)*, *breg (shore)*, *vrata (gates)* and etc., which finally came out of active use rather late – in the second half of the XIX century. However, the roots of these words remained as a part of the derivatives and compound words: *Волгоград (Volgograd)*, *безбрежный (boundless)*, *обезглавить (decapitate)*, *древесина (wood)*. They, unlike their Russianisms-synonyms, are characterized by a developed system of mobile metaphoric and symbolic meanings, so have large expressive possibilities. As such headlines of newspaper articles as: «*Krasuysya, grad Petra*» – *Shine, city of Peter*; «*Vzyiskuyuschie grada*» – «*Seeking the town*»; *Grad vozdvignet zodchiy*–»*A town will be build by an architect*». They are coloured by special solemnity and sublimity. Firstly, the stylistic markedness of the words with lack of full vocalism in the pair *град-город*, the city makes it commonly used in the «high» contexts imbued with an aura of greatness and limitations. For example, in the name of the central and most important from a political point of view, cities that, one way or another, have been associated with the names of prominent historical figures: *Petrograd, Leningrad, Stalingrad, Teslinograd*. Second, even in the ancient language of the values of the sewords are clearly differentiated: *grad (town)* had the meaning of «*castle, citadel, fortification*», and the word *gorod (city)* – had the meaning «*the settlement of people*». Third, attention was paid to its compatibility with the verb *vozdvignut (to build)* (which also has Slavic origin, where the prefix – *вз* has inceptiveness meaning). This is quite natural, because stylistically marked the word *град* cannot be used with a neutral verb *stroit* house of which is justified in the context type to build a house, build a shed, and etc. In modern Russian the verb *vozdvigat, vozdvignut* has the meaning – «*to build*».

The verb *zryyet (to see)* in its primordial, archaic meaning of ‘see, look’ in the language of today’s newspaper obtains emotional-evaluative and ironic tone: «*Aleksey Leonidovich my is lit strategicheski, on davno uzhe zritnadesyatiletiyav pered*» – *Alexei Leonidovich thinks strategically, he is already looking to the decades ahead*» (Pavlov. Kudrin rasplaniroval dohod y budjeta na 30 let // «Komsomolskaya Pravda», 22.03.2007).

Slavonic word *glas (voice)* was one of the most common and prevalent in the use of quantitative Russism *голос*. This is due to the fact that the word *glas (voice)* has several «meanings portable «*suggestion, call, call of any of the internal sense, instinct, motivation,*» for example, «*call of duty, truth, friendship, soul, passion*» etc., «*sounding musical instrument*», for example *the voice of the flute*. Set expression *voice of the people* becomes relevant in the period of perestroika, publicity and democracy, so actively used in the meaning «*opinion, judgment, appeal*» not only in the headlines, «*Glasnaroda*» («*Zavtra*», 15.08.2008), but also in contexts describing the political events: «*Okazalos, prokuratura uslyishala glas naroda, a chinovniki – net*» –»*It turned out the prosecutor’s office heard the voice of the people, while officials did not.*»(Kseniya Patrusheva. Nizhegorodskie chinovniki proignorirovali glas naroda o genplane// «Komsomolskaya Pravda», 22.06.2010); «*No glas narodnyi ybyiluslyishanlish v nastupivshem godu*» –»*But people’s voice was heard only in the coming year*»(V. Kochugov. Veruyushie Vladivostoka poluchat dva hrama// «*Izvestiya*», 14.01.2011).

The semantic and stylistic originality of the expression *glasnaroda* is manifested in its pathos, expression, enhancing the stylistic tone, expression of civil position, which makes this combination commonly used in the context of social-political content mainly in the opposition press and national newspapers of patriotic orientation: «*Vyissylaetes na mnenie naroda, kotoromu yakobyi oprotivel Soyuzkinematografistov. No otkuda vam izvesten glas naroda? Chislennoe preimuschestvo poka u starogosoyuza*»–»*You refer to the opinion of the people who supposedly loathed the Union of Cinematographers. But how do you know the opinion of the people? The numerical advantage has the old Union.*» (Zaozerskaya, German-mladshyi. Vsya strana prevratilas v Malyi Kozihinsky pereulok // «*Trud-7*», 12.12.2010.)

The modern newspaper and journalistic speech is characterized by a peculiar combination of the spoken words with high or bookish words, due to a combination of the informative standard and

expression, as well as openness of media for the penetration of foreign style elements, particularly conversational ones. Slavonic words getting into the newspaper text, not only lost their high stylistic status, but also are mixed with stylistically contrasted, spoken words.

This combination of different by style elements in the language of today's newspapers should also be attributed to semantic processes taking place in the lexicon of modern times.

## Results and discussion

As the material, retrieved from of the Russian National Corpus (hereinafter – RNC), shows trends in contemporary usage, as well as evolutionary and dynamic processes taking place in the modern Russian language are most clearly reflected in the case of newspaper texts. Our observations on the material of the newspaper texts of RNC show that Slavonic words used in modern language newspapers are characterized by two trends: first, the frequency in the context of a typical, well-established combinability of words; secondly, the use of non-traditional combinations of words in order of ironic, contrasting and metaphorical description of objects and phenomena. We illustrate the use of Slavonic word *dlan* (*hand*) as apart of an established combination of *hand of vengeance*: «*Voti v «Vyikupe» chuvstvuetsya dlan, kara yuschaya greshnikov, v chastnosti predateley, kotoryim tak i nado, pust muchayutsya v poslednem kruge ada*» – *Here in the «Redemption» is felt the hand of punishing sinners, in particular, traitors, which deserve it, let them suffer in the last circle of hell*» (Pohishenie Persefoni «Gomerovskie gimny» // «Nauka i zhizn»). These contexts are related to the spiritual sphere of human life, that is, we are talking about «high» moral matters and public foundations.

According to I.S. Ulukhanov, «traditional use restricts the lexical combinability of words; so the most typical combination for the Slavonic word *kratkyi* (*short*) were not the names of specific objects, but the names of abstract concepts, actions, time intervals, etc. These combinations have gradually become the only possible, but combinations like *krat'ka odezha* (*short clothes*) were not typical for the church-book monuments, which use the word *kratkyi* (*short*) – instead of *korot'kyii* (*short*), used in secular monuments, thus completely preserving the ability to combine with the names of specific objects» (Ulukhanov, 2012: 14-15). Indeed, examples of the traditional use of Slavonic words are scarce in

the language of modern newspapers, on the other hand, there is observed the use of non-traditional combinations, formed on the basis of structural and semantic transformation of an established combination *karayuschaya ruka* (*punishing hand*): «*Pust eta spasayuschaya dlan rastaet v vozduhe, kak ulyibka cheshirskogo kota, no glavnoe sdelano – prozhit esche odin den*» – «*Let this saving hand melt in the air like the Cheshire cat's smile, but the main thing is done – another day is gone*» (Kak rodilas astrologiya?// «Komsomolskaya pravda», 19.03.2002); «*Horosho by ivseeto perenesti v nash den, a v proshlom ostavit dlinnyie ocheredi, rukovodyaschuyu dlan obkoma, vyiboryi odnogo deputata izodnogo kandidata*» – «*It would be good to move it all in our day, and to leave in the past the long queues, guiding hand of the regional committee, the election of one deputy from one of the candidate*» (E. Zhuravlev. Toskuyu po besplatnoi putevke ot profkomu// «Trud-7», 05.10.2000). Figurative and metaphorical reinterpretation of Slavonic word *dlan* (*hand*) creates its new, not typical compatibility with a variety of words that actualizes its use for irony, sarcasm and allegory: «*Posmotrite oprosyi obschestvennogo mneniya v zapadnyih stranah, kuda ne prosterlas dlan KPSS, – i tam politicheskie partii zamyikayut spisok obschestvennyih institutov, kotoryim doveryayut naselenie*» – «*Look to opinion polls in Western countries, where the hand of the Communist Party did not reach, there political parties close the list of public institutions that are trusted by the population*» (Ignatov. Kakaya partiya luchshe? // «Trud-7», 02.03.2005).

